



# Ақмешіт

18 қаңтар  
сейсенбі  
№5 (1810)  
2022 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Озырлардың ойраннан кейін  
елге ҰҚШҰ әскері кіргізілген  
еді. Республикамызда өз күштік  
құрылымдарымыздың арқасында  
конституциялық тәртіп қалпына  
келтірілді.  
Стратегиялық  
нысандарды  
күзеткен  
бітімгершілік  
әскер де елден  
шығарылды.



# ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЖАҢА ТҰҒЫРЫ: ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БОЛАДЫ?

Терроршылардың зұлымдығынан кейін  
үрейден арыла алмаған қазақ елі жаңа да жақсы  
күннен үмітті. 11 қаңтар таңын асыға күткен  
барша қазақ жұрты Мемлекет басшысы  
ел тағдыры үшін қандай шешім  
қабылдау екен деп асыға күтті.  
Ел Президенті «Қасіретті қаңтар сабағы»  
деп атаған бұл оқиға барша қазақ елі үшін  
үлкен сабақ болғаны рас. Жаймашуақ өмірдің  
астаң-кестені шығып, ұйқыдан ояңғандай  
эрнарсеге сергек қарауды талап еткен бұл  
оқиға мемлекеттің қай саласында болсын, жаңа  
шешімдер қабылдауды талап етті.  
Ел Парламенті Мәжілісінің отырысында  
Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев  
еліміздің жаңа экономикалық тұғыры  
қалыптасатынын айтты.



### Бай мен кедей арасы...

Президенттің экономикалық теңсіздік орнағаны туралы  
айтқан сөзінен бүгінде қоғамда сөз болатын, халықтың бай мен  
кедей бөлініп, арасы алшақтай бастағаны анық сезілді.  
Мұндай мәселені Қазақстан Президенті де жасырмады.  
– Теңсіздік мәселесі де ұшыға түсті. Ол жылдан-жылға  
қиындай берді, ал халық табысы қағаз жүзінде болса да жыл  
санап өсіп жатқандай көрінді. Алайда елеулі орташа табыстың  
артында қоғамдағы мүлтік күшті жіктелу жасырынды  
жатыр. Азаматтардың көптеген күрделі проблемасы шешілген  
жоқ, – деді ол.  
Ел экономикасының өсуінен қаржылық және олигархиялық  
топтар пайда тауып келгенін атап айтқан Президент жаңа  
экономикалық саясат тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға  
алу қажеттігін жеткізді.  
– Экономикалық саясатымыздың мақсаты – айқын.  
Бұл – заман талабына сай әлеуметтік бағдары бар  
нарықтық экономика құру және дамыту.  
Бұл жүйенің өзінде қоғам алдындағы жауапкершілігін  
сезіне білетін кәсіпкерлеріміздің ауқымды тобы тұратыны

анық. Яғни, бұл – өзінің және балаларының тағдырын  
Қазақстанмен ғана байланыстыратын кәсіпкерлер.  
Дәл осындай кәсіпкерлер ел болашағы үшін өзіне  
жауапкершілік алуға дайын. Сол себепті кәсіпкерлікті дамыту  
үшін жүйелі жұмыс атқару өте маңызды. Мен бизнеске  
түскен бюрократиялық салмақты айтарлықтай азайтып, оның  
өсіп-өркендеуіне жол ашатын заңға қол қойдым. Үкімет осы  
занның әлеуетін нақты іс жүзінде пайдалануы қажет, – деді  
Қасым-Жомарт Тоқаев.  
Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда кездесетін  
кедергілерді ашық айтқан Мемлекет басшысы бағаны  
ымырласа отырып белгілеу қалыпты жағдайға айналғанын  
атап айтты. Сондай-ақ картельді келісімдер жасау кеңінен  
тарап кеткенін де қаперге салды. Бұл экономикада таза  
бәсекелестікті, шағын және орта кәсіптің дамуын тежейтіні  
белгілі.

3 БЕТТЕ

# ОТАН ҚОРҒАУДЫҢ ҚАСИЕТТІ БОРЫШ ЕКЕНІН ҰҒЫНАТЫН КЕЗ ЖЕТТІ




«Көптеген жас азаматымыз Қарулы күштер қатарында әскери борышын  
өтеуден қашады. Әскери билетке ие болу жастардың мақтанышын  
тудырмайды және Отанға қызмет етудің белгісі саналмайтын болды. Армия  
қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу – айрықша  
миссия. Бұл Отан үшін жанын сақтау бұл азаматтардың саналы  
тандауы. Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға  
болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек».

Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт  
Тоқаевтың Парламент Мәжілісінің отырысында  
айтқан сөзінен үзінді.  
Егемен еліміздің айбыны, шекарамызды қор-  
ғаушы, мемлекетіміздің тірегі әскеріміз екені  
эмбеге аян. Тарихқа үңілсек, қазақтан шыққан  
батырлар аз емес. Қазақ-жонғар соғысында  
батырлығымен дараланған Бөгенбай мен  
Қабанбайды, сұлтан біткен аяқ тартқан Исатай  
мен Махамбетті, немістің қоршауын сан мәрте  
бұзып шыққан Бауыржанды, қайсарлығымен

ерекшеленген Қасымды, Рейстахқа ту тіккен  
Рақымжанды, жауды әуеден тойтарған Талғатты,  
«Еркек тоқты құрбандық» деп тәуелсіздік жолында  
жанын қиған Қайратты бар қазақ қалірі  
тұтады. Өйткені олар қазақтың қайсар рухты  
ұлдары деген атқа обден лайық. Ел шебін  
ерлермен бірдей қорғаған қыздар да жеткілікті.  
Сонау Тұмар патшайымнан бастап Әлия мен  
Мәншүкке дейінгі аралықта қайсарлығымен  
елдің даңқын асырған арулар қашанда ұрпақ  
жадында сақталады.

4 БЕТТЕ




## ЖАЛҒАН АҚПАРАТТА ЖАЗА БАР, АҚИҚАТЫН АЙТАЙЫҚ!

Қаңтар қазақты  
қуантпады. Себебі де айқын...  
Террорлық шабуыл,  
шашылған оқ, төгілген қан,  
қара жамылған отбасы.  
Елімізді елден еткізген  
осы оқиға орын алғанда  
бұқара арасында алып-  
қашпа әңгімелер де, жалған  
ақпараттар да тарап кетті.  
Ақпараттың шынайы  
екендігіне көзі жетпесе де,  
оны жан-жаққа таратып  
үлгергендер де аз емес. Бірақ  
оның соны қылмыстық іспен  
аяқталатынын ескермесе  
керек-ті.

2-БЕТТЕ

# COVID-19: Қызылорда әлі «қызыл» аймақта

Аймақта эпидемиологиялық күрделене түсті. Қызылорда облысының санитариялық-  
эпидемиологиялық бақылау департаментінің баспасөз хатшысы Айман Жанахаева-  
ниди хабарлауынша, соңғы күндері індет қайта күш ала бастаған.



17 қаңтарға дейін  
Қызылорда облысында  
коронавирус инфекция-  
сын жұқтырудың 21  
278 жағдайы тіркелді.  
Оның 70% клиникалық  
белгілерімен анықтал-  
ды. Соңғы жеті күнде-  
гі көрсеткіштер корона-  
вирустың қайта күш ала  
бастағанын көрсетіп отыр. 2022 жылдың  
алғашқы 16 күнінде COVID-19 инфекциясына  
1488 тұрғын шалдықты. Бұл желтоқсан  
айындағы барлық тіркелген деректен бірнеше  
есеге жоғары. Тәуліктік көрсеткіштер де  
2-3 деректен 300-ден астам жағдайға дейін  
көтеріліп отыр. Қызылорда облысы 13 қаң-  
тардан бастап «қызыл» аймақта.

Облыста құрылған 167 мониторингтік топ  
тұрғындардың және кәсіпкерлік нысандарда  
карантиндік талаптардың сақталуын тұрақты  
бақылауда.  
COVID-19 инфекциясына қарсы вакцина-  
циялау көрсеткіштері бойынша облыс рес-  
публикада алғашқы бестікте. Бүгінгі күні  
облыс тұрғындарының 90%-тен астамы  
коронавирусқа қарсы екпенің бірінші ком-  
понентін алды, ал 86%-тен астам вирусқа  
қарсы вакцинацияның толық курсынан өтті.  
Ал «Pfizer» препаратының бірінші екпесін  
алған тиісті контингент 18%-тен асса, екінші  
екпесін салдырғандар саны 10%-тен асты.  
Облыста халықты иммунитетке арналған  
вакцина қоры жеткілікті.

Қызылорда облысының бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 14 қаң-  
тардағы №1 Қаулысы қабылданып, бірқатар  
шектену шаралары күшейтілді.  
Қызылорда облысының санитариялық-  
эпидемиологиялық бақылау департаменті  
әлемдегі коронавирус инфекциясының күр-  
делі ахуалын ескеріп, азаматтарды карантин  
талаптарын жауапкершілікпен сақтауға  
вирусқа қарсы вакцинациялауға шақырады.

«Ақмешіт-ақпарат»



# ҒАЛАМТОРҒА БАЙЛАҒАН ҚОҒАМ

Бүгінде ғаламторға тәуелділік – қоғамның өзек-  
ті мәселесіне айналды. Еңкейген қариядан бесіктегі  
балаға дейін интернетке байланды десек, артық  
айтқандық емес. Жалпы ғаламтор бүкіл ғарыш-  
тық тор. Бұдан біздің ел ғана зардап шегіп отырған  
жоқ. Бұл бүкіл әлемді алақанында ұстап отыр  
деуге болады.

Осы мақаланы бастамас бұрын «Фейсбук» әлеу-  
меттік желісін қолданушыларға «Сіз интернетке  
тәуелдісіз бе?» деген сауал жолдаған едік. Өз пікірін  
білдіргендердің арасында бірі жоқ десе, енді бірі  
өкінішке қарай иә деп жауап берді. Сондай-ақ жеке  
басыма, жұмысыма да керек деген жазбалар да бар.  
Ал енді бірі жауап беруге қиналды.

4 БЕТТЕ



## ЭКОНОМИСТ НЕ ДЕЙДІ?

**Мақсат Халық, экономист:**  
Президенттің «Әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономиканы құруымыз керек» деген сөзі көңілімізнен шықты. Өйткені нарықтық экономикасы бар мемлекеттер әлемде өте көп. Барлық мемлекеттер капитализм жолына түскен нарықтық экономикада. Бірақ нарықтық экономиканың бір кемшін тұсы қоғам бай мен кедей болып екі топқа бөлінеді. Нәтижесінде байлар байы береді, кедей кедейлене береді деген бір заңдылық қалыптасқан. Сондықтан да мемлекет әлеуметтік бағдарланған сипатты қолға алмаса, қоғамда олигархтар, капиталистер пайда болады, белгілі бір топ қана байы береді, солардың мүддесі ғана қорғалады. Ал қарапайым халық ешқашан дамымайды. Ондай қоғам да, мемлекет те бай елдің қатарына кірмейді. Сондықтан да бұл жерде ең үлкен маңызды мәселе – мемлекеттің әлеуметтік салаға қарай көбірек көңіл бөлуі. Байлар мен кедейлер арасындағы ашықтықты азайту мәселесіне байланысты тыңғылықты, нақты механизмдермен жұмыс істеу керек.

Президенттің жұмыссыздыққа байланысты айтқан сөзі маған қатты ұнады. Өйткені бізде жұмыссыздардың саны нақты есептелмеген. Статистиканы сөйлестек, 5 процент жұмыссыздық деп көрсетеді. Шын мәнінде жұмыссыз адам өте көп. Біздің елде жұмыссыздық орталығына келіп тіркелген адамдар ғана жұмыссыздар деп есептеледі. Ал «өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз еткен» деген категорияда 2 млн-нан астам адам бар. Олардың барлығы өзін-өзі қамтамасыз етіп, табысты жұмыс істеп жүр деп айта алмаймыз. Өткенде әлеуметтік және халықты жұмыспен қамтамасыз ету министрлігіне осы сауалды қойғанымда: «Осы 2 млн адамның 200 мыңы ғана нақты табыс таппай отыр» деп жауап берді. Солдай болған күннің өзінде сол 200 мың адамды жұмыссыз жүрген 500 мың адамға қосқанда, бізде жұмыссыздар саны 5 процент емес, 7 проценттің үстінде екені ақиқат. Әрине, бұл осы жерде келтірген мәліметке сүйеніп жасалған есеп. Шын мәнінде жұмыссыздар саны әлдеқайда көп. Сондықтан да бұл мәселеге байланысты нақты жұмыс жүргізу керек екені анық. Сондай-ақ халықтың табысын арттыруға байланысты Үкіметке нақты тапсырмалар берілді. Үкімет енді қандай бағдарлама әзірлейді? Осыған дейін талай бағдарлама жасалып, нәтиже бермеуінің себебі – қалыптасқан жағдайды дұрыс зерттемегендіктен, шындығын қараша болмағандықтан еді. «Ауруын жасырған өледі» демекші, халықтың тұрмыс деңгейінің нақты картинасын жасау керек. Шын жұмыссыз қанша, қанша адам осал топқа жататынын нақты білгенде ғана нақты механизммен жұмыс істеуге болады деп есептеймін.

## «САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҚТЫ ЕСЕЛЕЙ АЛДЫ МА?

Республика Президенті көтерген мәселенің бірі – ұлт байлығын еселеуге міндетті ірі компания қызметінің қаншалықты тиімділігі. Жоғары жалақы алатын, жағдайы жақсы компаниядағы елге қандай пайда әкеледі? Бұл – қоғамдағы көкейкесті сұрақтың бірі екені даусыз.

Бұл туралы Президент былай деді:

«Бүгінде бұл қордың активі еліміздің ішкі жалпы өнімнің 60 пайызына жуықтайды. Яғни осы ұйымның тиімді қызметі бүкіл экономиканың өркендеуіне тікелей әсер етеді.

Қордың КЕГОК, Қазақгаз және Қазақстан темір жолы сияқты инфрақұрылымдық компаниялары экономикамыздың барлық дерлік секторларының тиімділігін айқындайды. Осы тұста қор өзінің негізгі міндетін орындап отыр ма, яғни ұлттық байлықты еселей алды ма деген орынды сұрақ туындайды. Қоғамдағы жалақы алатын қызметкерлері, директорлар кеңесі немен айналысады? Қызметі өте қымбат консалтинг компанияларын және шетелдік мамандарды жұмысқа тартқаннан пайда бар ма? «Самұрық-Қазына» қоры еліміздің стратегиялық активтерін басқару ісінде басты рөл атқарады. Сондықтан Үкіметке Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, квазимемлекеттік секторды түбегейлі реформалау үшін ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын. Егер Қорды реформалау мүлдем мүмкін болмаса, ондай құрылымның экономикамызда болмағаны жөн.

Демек ел экономикасын нығайтуда дәл қазір аты да, жалақысы да жақсы компаниялар емес,

## Басы I-бетте



## ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЖАҢА ТҰҒЫРЫ: ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БОЛАДЫ?

ел экономикасын нығайтуға үлкен үлес қосатын тетіктер қажет.

Сондай-ақ экономикалық өсім мемлекеттің экономикадағы үлесін азайтумен тығыз байланысты екенін айтқан ел Президенті елдегі жекешелендіру саясаты да ашық жүргізілмей жатқанын сынға алды. Бұл орайда Үкіметке Бәсекелестікті қорғау және даму агенттігімен бірлесіп, тиісті мемлекеттік комиссияның жекешелендіруге қатысты шешімдерінің толық ашық әрі айқын болуын қамтамасыз етуді тапсырды.

## ИМПОРТҚА ТӘУЕЛДІЛІКТІ ҚАЛАЙ АЗАЙТАМЫЗ?

Ел экономикасы өңдеу өнеркәсібін әлі дамыта алмай келеді. Тіпті бұл сала артқа қалды десек те артық айтқандық емес. Парламент Мәжілісінің отырысында ел экономикасын әртарапандыру жайын негізге алып Мемлекет басшысы бұл мәселеде бір ғана цифрды мысалға келтірді. Атап айтсақ, «2020 жылдың қорытындысы бойынша тек мұнай-газ және тау-кен машина жасау саласының импорты 4 миллиард доллардан асты». Бұл цифрдың өзі қазақ елі экономикасының импортқа қаншалықты тәуелді екенін аңғартады. Бұл орайда өнеркәсіп саласына терен талдау жүргізіп, жаңа жобалар қабылдап, инвесторлар тарту – жаңа Үкіметтің міндеті.

## ҚОШ, «ОПЕРАТОР РОП»

Сонымен қатар Президент Үкіметке қоғамда жиі көтеріліп жүрген мәселе утильдік алым ставкаларын қайта қарауды тапсырды. – Кәсіпкерлер мен жалпы қоғамда «Оператор РОП» компаниясының қызметі көптеген мәселе туындаып отыр. Тіпті осы жеке компанияға қарсы қоғамдық қозғалыс та ұйымдастырылып, петиция жарияланды. Мен Үкіметке «Оператор РОП» утильдік алым жинауына тыйым салуын тапсырамын. Мұнымен шет мемлекеттердегі алым мемлекеттік ұйым айналысуы керек. Алымдардың ставкасы қайта қаралуы қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Тапсырманың қалай орындалатынын туралы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев мәлімдеді.

– Көдеге жарату төлемдеріне қатысты Мемлекет басшысы берген тапсырмаларын орындау үшін келесідей жұмыстар жүзеге асырылады. «Оператор РОП» ЖШС ҚР Экология кодексінің 387-бабына сәйкес 2015 жылғы 30 желтоқсандағы ҚР Үкіметінің қаулысымен құрылды. 2016 жылдан бүгінгі күнге дейінгі кезеңде көдеге жарату төлемі түрінде түскен қаражат көлемі 691,9 млрд теңгені құрады. Алынған қаражат ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмсалды. Атап айтқанда қайтарылды. Экологиялық мәселелерді шешуге 102 млрд, салықтарға 49,1 млрд теңге жұмсалды. Бүгінгі

таңда қаражат қалдығы екінші деңгейлі банктерде 220,6 млрд теңгені құрайды, – деді ол.

Серікқали Брекешев Мемлекет басшысының тапсырмасына орай министрлік бизнесің, қоғамның және мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен бірқатар мәселені пысықтайтындығын атап өтті.

– Бірінші – жеке мемлекеттік оператор немесе Өнеркәсіпті дамыту қорының базасында оператор құру. Екінші – көдеге жарату коэффициенттерін қайта қарау. Үшінші – көдеге жарату алымы есебінен отандық көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алушыларға ваучерлер беру, – деді министр.

## АҚШАДАН ҚЫСЫЛСА, БАНКТЕН СҰРАЙДЫ

Бұл – бүгінгі күн шыңдығы. «Ағайын-туысқа алақан жағынған, банктен сұрайын» дейтін әрбір қазақ тойға барса да, тіпті киім алса да, басқа да қажеттіліктерге ақша таба алмаса, банкке жүгінеді. Оның үстіне қазір онлайн несие тіпті оңай. Қолыңдағы смартфонмен банкке сұрау салсаңыз, ақша шотыңызға түсе қалады. Мәселе осымен шешілді. Алайда мәселе мұнымен бітпейді. Несие төлей бастағанда бар проблема басталады. Бір емес, бірнеше несиеді бардың айлығы шайлығына ғана емес, несие төлеуіне де жетпейді. Бұл туралы Президент былай деді:

«Экономика өсіп, халықтың табысында алшақтық пайда болғандықтан, тұтыну несиелері айтарлықтай артты. Оның мөлшері бизнесті несиеге көлемінен асып кетті. Халық қазіргі уақытта көп несие алып жатыр. Осыны ескерсек, бұл қаржы нарығын құбылтып, әлеуметтік тұрақсыздық қаупін тудыруы мүмкін».

Бұл орайда жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жобасын әзірлеуге тапсырма берілгені, алайда бұл тығырықтан шығар жол емес екені де айтылды.

## МАМАН ШКІРІ:

## Мақсат Халық, экономист:

– Соңғы жылдары халықтың қарызы артып кеткені шындық. Кейбір азаматтар бір несиеден жабу үшін екінші қайтара несие алады. Бұл қарыздың шырмауына бапқан адамның көп екенін білдіреді. Әлеуметтік жағдайдың шиеленісіп тұрғаны да содан. Мұны шешудің ең тиімді жолы «Жеке тұлғаны банкроттыққа жіберу» туралы заң қабылданау керек. Қазір банктегіздер көп ойландырып қарызын төлемесен азаматтарды коллекторларға бере салады. Коллекторлар, сот орындаушылар оның бүкіл шотын бұзғатпай тастайды. Нәтижесінде осындай әлеуметтік шиеленістер орын алып жатқан жағдайы бар. Екінші, халықтың табысын арттыру керек. Халықты жұмыспен қамтамасыз ету, табысын арттыру – бүгінгі

күннің негізгі талабы. Үшінші кезектегі мәселе – банктен несиеді қайтару процетінің түсіру. Осы мәселеге байланысты нақты жұмыстар жүргізілуі керек деп ойлаймын.

Ал несие беру жағын қатаңдату мәселесі қазір жүзеге асуда. Банктен қазір оңайлықпен несие бере қоймайды. Әрине, бұл көп мәселені шешпейді. Ал шағын несиелік ұйымдарға қатысты айтсақ, олардың да жұмысы соңғы жылдары біріншілікпен болып отыр. Сондай-ақ заңсыз жұмыс істеп отырған ұйымдар бар. Лицензиясыз жұмыс істеп жатқан ұйымдарды әшкерелеу керек. Сондай-ақ заңды ұйым мен алаяқ компанияларды ажырата білу үшін халық қаржылық сауатты болу керек.

## «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ ҚҰРЫЛДЫ

Мәжіліс отырысында Президент «Қазақстан халқына» атты қоғамды әлеуметтік қор құрылатынын айтқан еді. Бүгінде аталған қор құрылып, қамқоршылық кеңестің келісімімен қор басшылығына Болат Жәмішев сайланды. Халықты әлеуметтік қолдауға бағытталған, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау салаларындағы нақты мәселелерді шешуді мақсат еткен қор қаржысы ел мұқтажын шешуге атсалыспақ. Мәселен, сирек кездесетін аурумен ауыратын балаларға көмектесу, қала, ауыл, кенттерде балалар үшін спорт нысандарын салу жүзеге аспақ. Бүгінде қорға белгілі меценаттар, депутаттар қаржы аударып бастады.

Аталған қордың балалар денсаулығын қорғауға ықпалы қаншалықты екенін денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинаят мәлімдеді:

– Балалардың денсаулығын сақтау саласында сирек (орфандық) және ауыр аурулары бар балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету неғұрлым өзекті болып табылады. Әлемдегі ешбір ел өте жоғары шығындарды ескерте отырып, барлық орфандық ауруларды толық қаржыландырмайды. Сондықтан да Қорды құру орфандық аурулармен ауыратын науқастар үшін қымбат тұратын медициналық қызметтер мен дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жұмыс жалғасуда, – деді министр.

## ЖОҒАРЫ ИНФЛЯЦИЯ – БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Қарапайым халықтың тұрмыс түйткіліндегі шешімін таппаған мәселе осы. Тапқан табысымен инфляцияның «жеп қоюы» кедейшілікке әкелгені даусыз. Бұл мәселе енді қалай шешілімек? Президент бұл мәселеге нүкте қоятын кез келгенін жеткізді.

– Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру мақсатында жалақы мен зейнетақыны бірнеше рет көтердік. Бірақ әрдайым бағаның бақылаусыз

өсуімен бетпе-бет келеміз. Бірнеше жыл бойы жоғары инфляция экономикамыздың басты проблемасы болып отыр. Ол экономикалық және әлеуметтік саясаттың тиімділігін төмендетті. Бұл мәселеге нүкте қоятын кез келді. Бағаны және халықтың инфляциялық күтін тұрақтандыру керек, – деген Мемлекет басшысы инфляцияның мақсатты дәлізі 2025 жылға қарай 3-4 процент екенін атап көрсетті.

Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлерді дамытудағы теңсіздік, әкімдердің «салмағына» қарай қаржы тарту мәселесі, өңірлердегі жұмыссыздық мәселесі жайын ашып көрсетті. Сондай-ақ әкімдер мен Мәжіліс депутаттарының жалақысын көтеруге 5 жылға дейін мораторий жариялады. Мемлекет басшысының жұмыссыздық пен жұмыспен қамту тек қағаз жүзінде емес, шындығын жүзеге асу керектігі туралы тапсырмасы да ел экономикасының бет-бейнесін ашып көрсетуге септігін тигізбек. Халықтың табысын арттыру жөніндегі арнайы бағдарлама әзірлеу, әлеуметтік кодекстің қабылданатынын да, әлеуметтік осал топтағы жастардың іскерлік бастамаларын қолдау үшін гранттардың екі есеге көбеюі, тіпті түлектердің мамандықты нарық сұранысына сай таңдау қажеттігі де атап көрсетілді. Ел экономикасына жаңаша көзқараспен қараудың уақыты келгенін байқатады.

Ең бастысы, Мемлекет басшысы атап көрсеткендей ел игілігі үшін қабылданған шаралар жемқорлықсыз, бюрократиясыз жүзеге асуы тиіс.

## ЭКОНОМИСТ ШКІРІ

## Мақсат Халық, экономист:

Ең үлкен қиындық – инфляцияны ауыздықтау. Соңғы жылдары қымбатшылық жайлады. Халықтың табысы өскенмен, инфляцияны қуып жете алмай келеді. Нәтижесінде азаматтар көбінесе айлығын азық-түлікке жеткізе алмауда. Сондықтан қымбатшылықты жету керек. Президент әзірге газ бағасын 50 теңгеге дейін, әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын реттеу бойынша, коммуналдық қызметтердің тарифтерін 180 күнге дейін өсірмеуге нақты тапсырма берді. Бірақ ай өткен соң базалар қайтадан өсуі мүмкін, өседі де. Алайда баға өзгерісі ақылмен жасалуы керек. Яғни табыс тапқысы келетін кейбір азаматтардың жеке құлқының мүддесінде болып қалау керек. Президент Үкіметке бағаны реттеуді тапсырды. Кейбір экономистердің айтуына, Үкімет бағаны реттеуі дұрыс деп есептеймін. Бірақ бағаны ұзақ мерзімге ұстап тұратын Үкіметтің мүмкіндігі жоқ. Себебі бюджеттің ресурстары да шектеулі. Сондықтан бірінші кезекте халықтың табысын арттыруға байланысты нақты жұмыстар жүргізу керек деп есептеймін. Әрине, Үкімет бағаны реттейді дегенде ол экономикаға қатты араласып кетеді дегенді білдірмейді. Бір кездері шешілгені барлығы базар аралап кеткенін де көрдік. Одан ешнәрсе өзгермейтіні де түсінікті. Енді не істеу керек? Үкімет бизнесті дамытуға қолайлы жағдай жасау керек. Қарапайым шаруа мен фермерлердің өндіріс өнімдерін тікелей тұтынушыға жеткізетін нарықтық орта жасау керек. Арада делалдардың көп болуы бағаны қымбаттатып жібереді. Үкімет тағы не істей алады? Үкімет азық-түлік өнімдерін сақтау қоймаларымен қамтамасыз етсе, жағдайы бар кәсіпкерлерге инновациялық тәсілдерді енгізуге қолдау білдірсе, бағаның шарықтауына септігін тигізеді. Үкімет бағаны реттеу керек деген сөз – базар аралау деген сөз емес. Халық пен бизнес үшін осындай қарапайым шараларды жүзеге асырғанын өз жеткілікті.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған азаттығы мен еркіндігіне қол жеткізген еліміз тәуелсіздіктің 30 жылдығын кеше ғана тойлап, қоғам дамуындағы жетістіктер мен табыстарын бір бағамдап алған еді.

Бірақ жаңа жылдың алғашқы күндері еліміздің бірнеше қаласында болған қантөгіске апарған террористік актілер қоғамымызды дүр сілкіндірді. Бұл дүрбелең бүгінгі біздің қоғамымыздың панорамасын тағы бір қырынан көрсетіп берді.

Жаңаөзен қаласындағы мұнайшылардың үкіметке ұсынған әлеуметтік сипаттағы талаптарын орындау жолындағы шерулеріне қолдау көрсету мақсатындағы елдің басқа өңірлеріндегі жұртшылықтың бейбіт шерулері, осындай қарулы сойқандыққа ұласатынын ешкім де болжамағаны анық.

Алматы, Қызылорда, Ақтөбе, Тараз және т.б. қалалардағы халықтың әлеуметтік және саяси талаптарын мен көшеге шыққан бейбіт шерулері азаматтардың конституциялық құқықтарының пайдалану көрінісін деп санауға болатын. Көп ұзамай бейбіт шерушілер қатарына, бейбіт тұрғындар кейіндегі, экстремистік шаралар жүргізуді мақсат еткен лаңкестердің қосыла кетуі жағдайды күрт шиеленістіріп жіберді. Халықтың өз қатарына арам пияғыды лаңкестерді шақырмағаны айдан анық. Лаңкестердің құқық қорғау өкілдеріне қарсы қарулы

## ҚОҒАМҒА ҚАРСЫ БҮЛІК – ХАЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚАСТАНДЫҚ

қалқығыстар мен стратегиялық маңызды нысандарға шабуыл жасап, қирату, өрт қою секілді радикалдық бағыттағы өрескел қылмыстары қарапайым халық арасында алғашқы кезде жұмбақ түсіністік туғызды. Құқық қорғау өкілдері мен бейбіт шерушілер арасындағы жазықсыз қаза тапқан құрбандардың пайда бола бастауы қоғам жұртшылығын әріс-әріс күйге түсірді. Көпшілік жұрт бейбіт басталған шерудің қандай сипатқа айналғанын түсіне алмай қалды.

Әсіресе, Алматы қаласындағы лаңкестердің құқық қорғаушылар мен қарапайым халыққа жасаған қатыгез, озбыр қылмыстары мен ашық түрдегі тонаушылық әрекеттері жан түршіктірді. Тонаушылық қылмыстарға бейбіт тұрғындар өкілдерінің де қатысып, пенделілік күнға батқандары да байқалып қалды. Мұндай лаңкестік топтардың радикалдық сипаттағы белсенділіктерімен кенеттен пайда болуы, жұртшылық арасында түрлі қауесеттер мен саяси сипаттағы сыбыстардың пайда болуын өршіте түсті.

Кейінгі күндердегі ашық ақпарат көздерінен лаңкестік топтардың алдын-ала арнайы дайындықтан өтіп, осы іс-

шараларға дайындалғаны және жоспарлы түрде қоғамның саяси құрылымын шайқалтуға бағытталғаны белгілі болды. Ізгілікті қарекеттерде түсінігі аз, қанды тәуекелге бас тіккен лаңкес топтардың бейбіт қоғамда аяқ астынан пайда болуы және бұларды құбық қорғау жүйелерінің осы күнге дейін білмей, көрмей қалуы көпшілікті қайран қалдырды.

Соңғы ақпараттардағы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың мәлімдеуінше, лаңкестік топтарды ұйымдастырушылар тобының мемлекеттік төңкеріс жасауға бағытталғаны белгілі болды.

Дегенмен мұндай экстремистік пиғылдағы лаңкестік топтарды кімдердің ұйымдастырғаны және кімдердің мүддесі үшін ауыр қылмыстарға барған деген сұрақтар басы ашық күйінде қалып отыр. Сонда да болса, елдегі жағдайды өз қолына алып үлгерген Президент алдағы уақытта қоғамға қарсы жасалған зор бүліншіліктің алғышарттары мен себептерін, осыған мүдделі топтардың мақсат-пиғылдарын анықтап берер деген үміттеміз.

«Уақыт – төреші, халық – сарапшы» дегендей қоғамға қарсы бұл зобаланың да себеп-салдары анықталып, патша халық өз бағасын берер күнге де жетерміз.

Түрлі деңгейдегі саяси процестердің әсерінен қоғамдық сананың уақыт өте келе өзгеріп отыратыны бұрыннан белгілі. Сондықтан алдағы уақытта азаматтар қазақ қоғамына зор қауіп төндірген осындай қылмыстардан сабақ алып, саяси саналылыққа ұмтылу қажеттігін түсінетін болар деп санаймын.

Саралы сөздің түйіні зор дегендей, қоғамның тұрақтылығы мен бейбітшілігін сақтау үшін бәріміз азаматтық саналы белсенділік танытумен қатар, Президенттің ел жағдайын қалыптастыру жолындағы осы таңдағы антитеррорлық бағыттағы батыл шешімдері мен бастамаларына қолдау көрсетуіміз қажет деп санаймын.

Ербол ӘБЕНОВ,  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті  
«Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының доценті, с.ғ.к.

# ҰҚШҰ: МИССИЯ АЯҚТАЛДЫ

Алғаш болып біріккен контингенттің негізін құраған Ресей әуе-десант әскері Отанына оралды. Ізін ала ергесіне Беларусь және Армян әскери қызметкерлері Қазақстаннан кетті. Беларусь, Тәжікстан және Армения әскерін өз елдеріне жеткізген кезде Ресей әуе-ғарыш күштері авиациясының ұшағы пайдаланылған. Ал Қырғыз әскері өз әскери техникаларымен еліне

еліне өркендеу мен бейбітшілік тілеймін».

Мировар Хушбахт, Тәжікстан Карулы күштері бас штабы басшысының бірінші орынбасары:

«Міндетті түрде салтанатты қарсы алу болады, Тәжікстан аумағындағы әскери контингент, Тәжікстан Республикасының қорғаныс министрі және бүкіл тәжік халқы елде күтіп отыр.

үлкен тәжірибе. Екіншіден, Армения бауырлас елдерге қол ұшын созуға әрдайым дайын. Қазақстан біз үшін солардың бірі. Бұл біз үшін абырой да, міндет те. Осылайша Ұйымның Бас хатшысы Станислав Зыс атап өткендей, бітімгерлік күш жүктелген міндетті абыроймен атқара білді. Ұйымға мүше елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, мемлекет тұтастығын сақтауға зор үлес қосты.

Қазақстан тарихында алғаш рет республика бойынша тараған терроризм мен экстремизм әрекеттеріне қарсы күресте елге көмек қолын созған Бітімгершік әскеріне ел президенті де алғысын айтты. Осылайша одақтас елдерден тартылған әскер сандары сәтте қолдау көрсетіп, елдегі жағдай тұрақталғанда елдеріне қайтты.

Жалпы ҰҚШҰ әскерінің елдегі ахуалды тұрақтандыруда көмегі зор болды. Қазақстанның қарулы күштері негізгі мемлекеттік мекемелерді қорғауға емес, ел ішіне ірікті салып, төңкеріс жасамас болған бүлікшілерді ұстаумен айналысты. Өз кезегінде бұл жұмыстар нәтиже берді. Қазірдің өзінде Қазақстандағы жалпы ұсталғандардың саны 10 мыңнан асты. Оққа ұшып, қарсылық көрсетіп, қаза болғандардың саны әлі белгісіз.

Қазір жағдай тұрақты. Ел еңсесін тіктеп, елдегі жағдайды тұрақтандыру бойынша жұмыстар жасалып жатыр. Келтірілген шығын көлемі есептеліп, террорлық әрекет кезінде зардап шеккен нысандар қалпына келтірілуде.

Ақтілек БІТІМБАЙ



жеткен. Біз өз кезегінде ҰҚШҰ мемлекеттері бітімгершілік әскер командирлерінің пікірін бергенді жөн санадық.

Талантбек Калибов, Қырғыз Республикасы бітімгерлік контингентінің командирі:

«Жергілікті халық бізге жылы қабақ танытты. Жақсы тілектерін де аямады, бұған қуанып қалдық. Қырғыз контингенті де бауырлас елге барыпша көмек беруге тырысты. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы аясында бұндай бітімгерлік операция алғаш отты және ол сәтті жүзеге асты деп санаймын. Қазақ

Бізге жүктелген міндетті абыроймен атқарды деген мақтанышымен өз отанымызға аттануына жәрдем берді. Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгерлік контингентінің әскери операцияда қолданған алғашқы ел. Сөйкесінше әскери қызметшілер де алғаш тәжірибе алғандарын жасырмады. Оның ішінде стратегиялық нысандарды қорғау аса маңызды міндет екенін іс жүзінде көрдім».

Тарон Качарян, Армения Республикасы бітімгерлік контингентінің командирі:

– Біріншіден, бітімгерлік операцияға қатысу біз үшін

Басы 1-бетте



Бұл батырлардың аттарын тектен-текке айттып отырғанымыз жоқ. Ат жалын тартып мінген азамат үшін Отан қорғаудан қасиетті міндет жоқ. Кастерлі тудың түбінде тұрып,

ана көп. Бұл да баланың психологиясына кері әсерін тигізеді. Соның салдарынан бала қиындыққа төзбей, «жоқ» дегенді түсінбей өседі. Оның үстіне әлеуметтік желі,

республикалық ҚБ Қызылорда облысы бойынша филиалы төрағасының орынбасары Жаңдос Әлімбетов.

Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Жомарт Сұлтанов: «Халық даналығында «Отаны бірдің тілегі бір, тілегі бірдің жүрегі бір» деген қанатты сөз бар. Елімізді мекен етіп, осы дархан даладан бақыт тапқан барша ұлттың жалғыз-ақ тілегі бар. Ол – Отанымыздың амандығы, тәу етер тәуелсіздігіміздің тұғырлылығы мен еліміздің тұтастығы. Шынында да, адамзат баласы үшін ата-анасымен, отбасымен тең тұратын ең қымбат құндылық – Отан. Елін сүйетін әрбір азамат үшін бұл сөз ең қастерлі ұғымның бірі болуы тиіс. Елімізді бір шаңырақ астына біріктіріп, Қазақ елі деп аталатын қастерлі атауға ұйытып отырған ұлы ұғым да – осы Отан. Ал оны қорғау, оған қызмет ету – әрбір Қазақстан азаматының ардақты борышы, перзенттік парызы», – деген ойын жеткізді.

# ОТАН ҚОРҒАУДЫҢ ҚАСИЕТТІ БОРЫШ ЕКЕНІН ҰҒЫНАТЫН КЕЗ ЖЕТТІ

ант беріп, аманат арқалаудың өзі қасиетті борыш екенін естен шығармаған абзал.

Біз өз кезегінде Тәжік-Ауған шекарасында жауынгерлік қимылдар мен әскери қақтығыстарға қатысқан Жаңдос Әлімбетовтің әңгімеге тартқан едік. Ол өздерінің жастық шағында әскерге барудың үлкен абырой саналғанын жеткізді. Бұл азаматтың пікірін газетке арнайылап та жарияладық.

– Бұрын біздің кезімізде жігіттердің әскерге бармауын намыс көретінбіз. Сондықтан әскерге барып келу үлкен абырой саналатын. Ал қазір жастардың көбі әскерге барып, уақытын босқа өткізгенше, ақша тапқанды жөн көреді. Бүгінде ата-ана баласын әскерге жібермей, қарсылық танытуда. Оған себеп көп. Қазір әскерге деген қоғамдық көзқарас өзгерді. Бұрын да ол жақта дәл бүгінгідей темірдей тәртіп бар болатын. Ол бола береді де. Бізміз де ұл-қыз өсіріп отырмыз. Қазір ер жеткен баласын «апағым» деп, бар тәтісің алдына қойып, айтқанын істеп отырған ата-

компьютердегі түрлі ойындар жастардың миын улауда. Бірақ олардың жағдайын жасап, бетінен қақпай өсіргеннің салдарынан жігіттер ұсақталып барады. Әрбір бала әскери өмірді қорық керек. Отан алдындағы борышын сезіну қажет. Сондықтан ата-аналар «Баланды аясаң, аяма» деген сөзді берік ұстануы тиіс. Сонда ғана отансүйгіш, ержүрек азаматты тәрбиелеп шығуға болады, – дейді «Ардагерлер одағының» (Тәжік-Ауған шекарасында жауынгерлік қимылдарына және әскери қақтығыстарына қатысушылардың)

Бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен әлемдегі жер көлемі жағынан тоғызшыны орынды иеленетін территорияны бізге аманат етті. Енді біз Алтай мен Атыраудың арасын жайлап жатқан байтақ жерімізді қорғап, тәуелсіздігімізді көзімізді қарашығындай сақтап, Қазақстаннымызды Мәңгілік Ел ету жолында аянбай еңбектенуіміз қажет. Өскелең ұрпаққа беретін тәрбиеніміз де осы бағытқа негізделіп, туған жердің қасиеті мен киесін ұғындырынамыз абзал.

**P.S.** Жылқы мінезді қазақтың көкбөрінің ұрпағы екені әмбеге аян. Өсілінде, көкбөрі біреудің айтағымен жүрмейтін, ақиқат пен шындықты айыра алатын, оң мен солын білетін арланның атайы екенін бүгінгі қазақ ұмытып кеткен сынайды. Олай деуімізге лаңкестердің дүрмегіне, арандатушылардың жалған сөздеріне арандап қалған көпшілік себеп болып тұр. Ақиқат пен жалғанның аражігін ажыратпай ереуілге шыққандар бар. Озырлар дәл осыны күткендей бірден әрекетке көшті. Бірақ олардың дегені, ойға алғаны болған жоқ. Мемлекет басшысы тиісті шаралар қабылдап, республика көлемінде төтенше жағдай енгізді. Құқық қорғаушылар қоғамдық тәртіпті қалпына келтірді. Қалай десек те, елімізге көз алартқандар қазақты оңайлықпен ала алмайтынын түсінген шығар. Әскерге барып, Отан күзетіне тұру жастардың қасиетті борышы екенін тағы да айтқымыз келеді.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

Басы 1-бетте

## УАҚЫТ ОЗҒАН САЙЫН...

Ғаламтордың шығу тарихы да қызық. «1957 жылы Кеңестер Одағы жасанды жер серігін ғарышқа ұшырған соң, АҚШ Қорғаныс министрлігі «егер соғыс бола қалған жағдайда Америкаға сенімді ақпарат алмасу жүйесі керек» деп есептеген. Осылайша бұл жүйені АҚШ-тың Орталық барлау басқармасының қызметкерлері ойлап тапқан деседі. Бұл мақсатта Лос-Анджелес, Юта және Калифорния штаттарындағы университеттерге және Стэнфорд зерттеу орталығына компьютерлерді бір-бірімен жалғайтын желі жасау тапсырылады. ARPANET деп аталатын жоба 1969 жылы 29 қазанда төрт мекеменің компьютерлерін телефон арқылы байланыстырады.

Содан соң ARPANET дамып-жетіліп, оны түрлі сала ғалымдары пайдалана бастайды. Сөйтіп, 1983 жылы бұл атау «Интернет» деген ұғыммен алмастырылды.

Иә, интернеттің пайдалы жағы да бар. Оны жоққа шығара алмаймыз. Керек мәліметті тез табуға, алыстағы дос-жаранмен электронды хат алмасуға, құжаттармен жұмыс істеуге көп септігін тигізеді. Алайда оның да өз мөлшері бар. Ғаламтордың жақсылығымен бірге келеңсіз тұстарында естен шығармаған жөн. Әсіресе жасөспірімдер үшін. Үйдегі ата-ана бала тәрбиесіне аса назар аударуы тиіс. Бүгінде әрбір отбасыда бір-бір Wi-Fi-дан бар. Оның не үшін, қалай қолданылып жатқанын бірі білсе, бірі біле бермейді.

Бұрын бала күнімізде жазғы демалысқа шыға салысымен ойынға кірісіп, таң азда кеткеннен, қара кеште ерең үйге кіруші едік. Сол кезде барлық бала көшеге шығып, «қызыл ту», «ортаға түспек», жүгіріп жарысу секілді спорттық ойындарды ойнайтын. Ал қазір ше, баланы үйден шығара алмайсың. Бәрінің қолында бір-бір ұялы телефон. Бесіктен бөлі шықпаған баланың өзі ұялы телефонға жармасып, бермесең жылап қорқытады.

Оған белгілі қаламгер, сенатор Нұртөре Жүсіптің мына сөзі дәлел. «Баяғы қазақ дәстүрінде төрт түлік мал өсірген ата-бабамыз желіге құлынды байлаушы еді. Бұл күнде желіге адамның жұлыны байланған бір заман болды», – деп жазады. Расында, интернет арқылы түрлі желілерге жармасып, тіпті сол арқылы ақша тауып жүргендер көп.

Алғашында халық арасында «Мой мир» желісі кеңінен тарайды. Кейіннен «Фейсбук», «ВКонтакте», «Инстаграм», «WhatsApp», «Скайп» «Телеграм» секілді қосымшаларды пайдалана бастады. Қазір ұялы байланысыз жүрген адамды көрсек, таңырқай қарайтын болдық. Психологтардың зерттеуінше, интернетте көп отырған адам өз-өзін жоғалтады екен. Оның психикасы, дүниеге деген көзқарасы өзгереді. Ең жаманы, интернетке тәуелді болып, шын өмірді тастап, интернет әлеміне толықтай кіріп кетеді-мыс.

– Жасыратыны жоқ, бүгінде ғаламтор қаншама адамды өзіне тәуелді етуде. Оны бірі мойындаса енді бірі мойындағысы келмейді. Қазір интернеттің қызығына кіріп кеткені сонша, арамдыда түн ұйқысын төрт бөліп, азанға дейін ұйықтамай отыратындар бар. Тәуелділіктің кесірі неге апарып соғарын өздеріңіз де білесіздер. Атап

Басы 1-бетте

айтсақ, сауатсыздыққа, құмар ойынға деген тәуелділікке, көру қабілетін төмендетуге, ойлау деңгейінің төмендеуіне себеп болуда. Әсіресе жастардың ойлау, сөйлеу, жазу мәдениетіне кері әсерін тигізуде. Бірқалың кітап ұстайтын жас азайды. Әрине, бәріне бірдей топырақ шашудан аулақпын. Десе де бұл шындық. Бүгінде көп адамды жалқаулық билеп алған. Себебі ғаламтор арқылы бәрі де қолжетімді. Алайда интернет желісі адамның

журналында белгілі американдық дәрігер Джеральд Блок шамадан тыс интернетке құмарту компьютерлік импульсивті ауытқуға әкеп соқтыратыны туралы жазады. «Егер сізге компьютеріңізден ажырау қиынға соғатын болса, егер компьютерлік ойындар сізге демалу мен тамақтануды ұмыттырса, егер сіз бір минутқа «чаттан» шыға алмай, интернетте хат алмасуды өз еркіңізбен тоқтату мүмкін болмаса,

қатынас жасаудан қалып барады. Тіпті адамды тура жолдан адастыратын фейк ақпараттар үздіксіз жұмыс істеуде. Олардың ақпаратының өтірік-шынын тексеріп, алдын алып жатқан ешкім жоқ. Оған елімізде болған түрлі келеңсіз оқиғалар куә. Әсіресе жасөспірімдерді арбауына түсіріп, құрығына ілуде.

Расында, интернет адамдардың уақытын ұрлаумен қатар, санасын да жалмап барады. Қарап отырсаңыз, тойда да, түрлі жиындарда да бәрі бір-бірімен кездескенде емен-жарқын тілдеспейді. Жаппай телефонға үңіліп, ішкен-жегінін түсіріп, желіге жүктегеніне мәз. Үлкендер осындай. Жастардың жайы айтпаса да түсінікті. Тіпті кішкентай баланың өзі жыласа болды қолына телефон ұстатып, оны жұбатауға осылай тырысамыз. Ес білмей тұрып ұялы телефонға жармасып, себидің ертеңі не болмақ?

– Әрбір адам өз ортасына қарап бой түзейді. Қазір заман өзгерді. Осыдан он бес жыл бұрын ғаламтордың не екенін де білмейтін едік. Бүгінде интернет, смартфон деген түсінікті үштегі баланың өзі жатқа біледі. Қазіргі балалар өте ақылды. Бұрын ата-аналарымыз «ақырзаманның балалары», «булар бәрін іштен біліп туған» деп ұрсушы еді. Дәл осы сөздер бүгінгі булдіршіндерге арналып айтылғандай. Себебі үштегі баланың өзі қалта телефондағы әртүрлі ойындарды ойнай алады. Сондай-ақ суретке де, видеоға да түсіруді біледі. Оған қалай таңғалмайсың. Бірақ өкінішке орай, бұл жағдайдың теріс жақтары бар. Көптеген ата-аналар балалар күн ұзағына ұялы телефонға тәуелді деп шағым айтады. Десе де бұл ата-ананың балаға толық уақыт бөле алмауынан туындайтын дүние. Өйткені үлкендерге қарағанда баланың энергиясы мен өмірге деген құлшынысы көп. Бәрін білуге, үйренуге құмар. Дегенмен оған ата-ана тарапынан тыйым көп болуы мүмкін. Сондықтан бала бұзық болып, өзіне көңіл аударғанын қалайды. Мұны ата-аналар дұрыс түсінбей, тыныш отыруы үшін өзінің ұялы телефонын беріп, тыныштандырады. Әрине, бұл тек бір ғана мысал. Түрлі себептері болуы да мүмкін. Мейлінше ғаламтордың әлегіне, ұялы телефонның қызығына баланы алдаусыратпай, барынша көңіл бөліп, әңгемелескен абзал, – деді «Айжұлдыз» балабақшасының меңгерушісі Гүлзат Мұратбекқызы.

Иә, балалардың басым көпшілігін ұялы телефонмен жұбатамыз. Олар да мазасын алсақ телефонды береді дегендей қасыңнан қалмай, артыңнан еріп жылап жүреді. Сосын осы тыныш болсын деп амалсыздыдан береміз. Байқағанымыздай баланың басым көпшілігін әлеуметтік желілерде отырады. Екінші орында – онлайн-ойындар. Ал үшінші орында – бейнероликтер сақталатын сайттар екен.

Бүгінде көшеде, кез келген жерде ғаламторда отырмайтын, телефон ұстамайтын адамды кездестіру қиын. Тіпті ұйықтаған кезде телефон жанымызда болады. Ал бұл алдымен біздің денсаулығымызға кері әсерін тигізіп жатыр. Санамызды, жан-тәнімізді улап, ауру қылатын жағдайға жеттік. Соны біле тұра, әлі күнге дейін әрекет етпей, керісінше оған деген тәуелділікті артып бара жатқандай.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ



# ҒАЛАМТОРҒА БАЙЛАНҒАН ҚОҒАМ

алтын уақытын ұрлап, жаппай сауатсыздық жайлауда. Адамды желіктірген, өзіне еліктерген ғаламтордың салдарынан таяз ойлап, өзіне қол салғандар қаншама. Күні-түні әлеуметтік желіге байланып, неше түрліні көріп, олардың өмірге деген қызығушылығы қалмаған. Баста түйықталып, ешкіммен жәйлеспеді әдетке айналдырады. Оның соңы қайғылы жағдайға ұласуы мүмкін. Сондықтан ғаламтор қоғам дертіне айналды. Оның шырмауына байланғандарға қайта шығар жол табу қиын. Сондықтан интернетті күніне белгілі бір уақытта ғана пайдалануға кеңес береміз, – дейді психолог Жұлдыз Қуанышбаева.

## ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСİNДЕ...

Ғаламтор алпауыт елдерді де жаулап алған. Бірақ олардың ғалымдары бұл аурудың емін іздеп әлек. Тіпті алғашқы шараларды қолға алып та үлгерген. Мәселен, «American Journal of Psychiatry»

міндетті түрде психиатр маманның көмегіне жүгінген жөн» деп кеңес береді.

Мұндай жағдайдың өте ауыр екенін айтады. Сонымен қатар интернетке байланысты жанұшыгерлік оқиғалар Оңтүстік Кореяда көп тіркелген екен. Бұл елде ұзақ уақыт бойы интернет-кафелерде отыру салдарынан қаншама адам көз жұмған. Ал бір адамды онлайн ойын үшін өлтірген. Осы мемлекетте шамамен 210 мың бала интернетке тәуелділік ауруына шалдыққан және медициналық көмекті қажет етеді. Сондай-ақ Нью-Йорктік ғалым Ivan Goldberg-тің теориясы бойынша, мұндай тәуелділік психикалық проблема ретінде сипатталған. Міне, әлем ғалымдары ғаламтордан сақтануды жөн санап, дабыл қағуда. Себебі олардың ойынша, болашақта ең үлкен дерт осы интернет болуы мүмкін. Қазір интернетте білім іздеуден гөрі өсек-аязға, дау-дамайға, түрлі құмар ойынға, жалғанға көп әуестеніп, ал бйлайғы өмірде бір-бірімен адамша қарым-

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектесітірі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Әзіз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптаасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың жауапты екендігі ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр мейна» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарлануға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы Тапсырыс №

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтілек БІТІМБАЙ